

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қантардағы N 71 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 22 қыркүйектегі N 872 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Занына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қантардағы N 71 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2007 ж., N 2, 31-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін пайдалану ережесі:

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Ақылы автомобиль жолдары мынадай шарттарға жауап беруі тиіс: көлік қозғалысының жоғары, қауіпсіз жылдамдығын қамтамасыз ете отырып жоғары сапалы жүріп өту және оларға бүкіл жол бойы жоғары сервистік қызмет көрсету.

2-2. Автомобиль жолдарын ақылы негізде пайдалану туралы шешім Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары туралы заңнамалық актісінде көзделген жағдайларда және тәртіппен қабылданады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ақылы автомобиль жолдарын және көпір өткелдерін жүріп өткені үшін төлем Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде көзделген тәртіппен белгіленген ставкалар бойынша алынады.";

мынадай мазмұндағы 10 және 11-тармақтармен толықтырылсын:

"10. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде жеңілдіктер көзделген автокөлік құралдары ақылы, соның ішінде концессияға берілген автомобиль жолдарын пайдаланғаны үшін ақы төлеуден босатылады.

11. Автомобиль жолын ақылы негізде пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен тоқтатылады немесе тоқтата тұрылады .".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен

СОН

ҚОЛДАНЫСҚА

ЕҢГІЗІЛЕДІ.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К.Мәсі

МОВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК